

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы «№6 Хромтау гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №57 және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2025 жылғы 31 наурыздағы №96 бірлескен бұйрығы 3-тарау «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату тәртібі» негізінде Педагогінің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурсын жариялайды.

Мектептегі бос лауазымдар:

- 1. Бастауыш сынып мұғалімі 1 бірлік (уақытша)***
- 2. Физика пәні мұғалімі 1 бірлік (уақытша)***

Конкурс туралы ақпарат мектептің ресми сайтында <https://gimnaziya-6.edu.kz/>, мектептің инстаграмм парақшасында **khromtau_gimnaziya6** жарияланады.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау **ҰБДҚ Модульдің** штаттық режимде жұмыс жасағанына дейін Қағидалардың 91-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарында лауазымдарға педагогтерді тағайындау конкурсын және қатысу үшін құжаттардың қабылдауын қағаз түрінде жүзеге асырамыз.

Құжаттар тізімі:

- 1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
- 3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке іс парағы (нақты тұрғылықты мекенжайы мен байланыс телефондары көрсетілген – бар болса);
- 4) Үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);
- 6) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу(тізілімінде № 21579 болып тіркелген) бекітілген 075/у нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

- 7) психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары бар аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 8) наркологиялық аурудың динамикалық бақылауда жоқтығы туралы анықтама;
- 9) сертификаттаудан өту нәтижелері туралы сертификат немесе қолданыстағы біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);
- 10) ағылшын тілі педагогтері лауазымына орналасуға кандидаттар үшін пән бойынша сертификаттау нәтижелері туралы сертификат немесе педагог-модератор немесе педагог-сарапшы немесе педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер біліктілік санатының болуы туралы куәлікті (бар болса) немесе CELTA (Certificate in English Language Teaching to Adults. Cambridge) PASS A; DELTA (Diploma in English Language Teaching to Adults) Pass and above немесе IELTS (IELTS - айелтс) – 6,5 балл; немесе тойфл TOEFL (internet Based Test (iBT)) – 60-65 балл көрсеткіші бар сертификат;
- 11) осы Қағидаларға 12, 13-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы;
- 12) жұмыс орнынан (педагог лауазымы бойынша), оқу орнынан ұсыным хат.

Құжаттарды қабылдау 2025 жылғы 06 қазан пен 14 қазан күндері аралығында жүргізіледі (14.10.2025 қосып алғанда)

Мекеме атауы: "Ақтөбе облысының білім басқармасы, Хромтау ауданының білім бөлімі" ММ-нің «№6 Хромтау гимназиясы» КММ

Білім беру ұйымының орналасқан жері:

031100, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, М.Әуезов көшесі, 12Б үй.

Құжаттарды тапсыратын орын: Қабылдау бөлмесі. 1-қабат; №1 А

Эл.поштасы: hrom_gimnaziya6@mail.kz

Телефон номері: 8/71-336/78-0-15; 8/71-336/78-0-17; 8705 444 24 88